



ҚАЗАҚСТАН РЕСАУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
“МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ” ШЖҚ РМК  
МИКРОБИОЛОГИЯ, ВИРУСОЛОГИЯ, ИММУНОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ




*Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан  
мемлекеттік медицина университетінің дәріс  
залдарындағы жиһаздар микрофлорасын зерттеу*

Ермекбаев Б.А, Раева Ф.С., Тауекелова А.Ш., Курманбай Н.М.  
Жалпы медицина факультеті, 203 топ

Ғылыми жетекші – м.ғ.м. Мукашева Р.Н.

## *Өзектілігі*



*Ауа – көптеген микроағзалардың мекен ететін ортасы. Сонымен қатар, ауаның микрофлорасы оны қоршаған объектілердің микрофлорасымен байланысты. Бірнеше сағат бойына бір аудиторияда отыру, тымырсық, ыстық ауамен демалу, стресс, оқу барысы және т.б факторлар студент ағзасына өз әсерін тигізбей қоймайды. Медицина университеттерінің студенттерінің оқу процесі ұзақ екені баршаға мәлім, сондықтан аудиториядағы жиіаз бен объектілердің (орындықтар мен парталадың) микробпен ластануын қарау мақсатында объектілерден шайынды алынды. Аудиториядағы тазалықтың адамдарға маңыздылығын ескере отырып, санитарлық нормаларды қадағалау мәселесі айқын көрінеді.*




## *Зерттеудің мақсаты*


*Университеттің дәріс залдарындағы  
объектерден шайынды алып,  
микрофлораларының құрамын зерттеу,  
соның ішінде жиһаздардың микробпен  
ластану дәрежесін анықтау.*

# *Материалдар мен әдістер*

*Зерттеуге дәріс басталғанға дейінгі және аяқталғаннан кейінгі жиһаздардан (үстел, орындық ) санитарлық нормаларға және ережелерге сәйкес шайынды сынамалар алынды. Микробиология, вирусология, иммунология кафедрa зертханасында микроскопиялық, бактериологиялық зерттеулер және сараптамалар жүргізілді.*











# **Нәтижелер мен талқылау**

*Зерттеу нәтижесінде ЕПА-да дәріске дейін және кейінгі бактериялар саны айырмашылығы байқалды. Дәріс алдындағы сынамаларда дәрістен кейінгіге қарағанда микрофлора 2 есе аз, бұл колонизацияның көп еместігін көрсетті. Нәжістік ластану көрсеткіші-ішек таяқшасы бактериялар тобын анықтауда Эндо ортасына себілді. Өсім анықталмады. St.aureus анықтау үшін шайынды сынамалары сарыуызды тұзды агарға себілді. Оральді-тамшылы ластануды анықтау мақсатында. Өсім анықталмады. ЕПА агарындағы жеке колонияларды микроскопиялық зерттеу кезінде Грам бойынша бояғанда грам оң және теріс таяқшалар кокктар анықталды.*








***Дәріске дейінгі алынған сынамалар  
(1 аптадан кейінгі нәтижелері)***



*Дәрістен кейінгі алынған сынамалар  
(1 аптадан кейінгі нәтижелері)*







# Қорытынды

Сонымен дәріске дейін және дәрістен кейін залдағы жиһаздан алынған шайындыны зерттеу нәтижесі бойынша нәжістік ластану және оральді-тамшылы ластану анықталмады. Дегенмен жиһаздың микрофлорасының дәріске дейін және кейін сандық өзгерісін байқадық. Бұл – ұзақ уақыт дәріс залдарын желдетпей отырудың әсері болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, біз аудиторияларда 1 сағаттан астам уақыт отырмауға кеңес береміз. Әрбір 45 – 50 минут сайын кабинеттің ауасын желдетіп, отырған адамдар санитарлық талаптарды қадағалау керек .



# *Әдебиеттер тізімі:*

- 1. Б.А. Рамазанова, Қ.Құдайбергелұлы, А.Л. Котова, М.М. Уразалин, А.А. Табаева «Медициналық микробиология». Алматы, 2011 ж*
- 2. В.Б. Сбойчаков «Санитарная микробиология», Москва, 2007 ж*
- 3. Под редакцией проф.Л.Б.Борисова «Руководство к лабораторным занятиям по микробиологии». Москва, 1984 г.*

*Назарларыңызға  
рахмет!*

